

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 16 қаңтар N 60. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.10. N 408 қаулысымен. ~ P020408

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар түрлері мен түр тармақтарының тізбесін, Қазақстан Республикасында аулауға рұқсат етілген жабайы аңдар түрлерінің тізбесін, Қазақстан Республикасында лицензия бойынша аулауға рұқсат етілетін жабайы аңдар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 тамыздағы N 1152 P951152\_ қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар түрлері мен түр тармақтары Тізбесінің "Балықтар" тобы:

"Пілмай" сөзінен кейін "(арал және ілелік популяциясы)";

"Балқаш алабұғасы" деген сөздерден кейін "(балқаш ілелік популяциясы)" деген сөздермен толықтырылсын;

Қазақстан Республикасында аулауға рұқсат етілген жабайы аңдар түрлері Тізбесінің "Сүт қоректілер" тобы:

Өзен құндызы, каспий итбалығы деген сөздермен толықтырылсын.

" Қ ұ с т а р т о б ы " :

осы топтан "Алакөз сүңгуірді" алып тастай отырып "Үлкен

бейнеарық", "торғай", "алаторғай", "сарыжағал қараторғай" деген сөздермен толықтырылсын;

Қазақстан Республикасында лицензия бойынша аулауға рұқсат етілетін жабайы аңдар Тізбесінің "Сүт қоректілер" тобы:

Өзен құндызы деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Қазақ КСР-індегі аңшылық шаруашылығы жөніндегі Ережені бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1978 жылғы 8 қыркүйектегі N 353 қаулысымен (ҚазКСР ҚЖ-ы, 1978 ж., N 19, 70-бет) бекітілген Қазақ КСР-індегі аңшылық шаруашылығы жөніндегі Ереженің 17-тармағы күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК